

**Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік
медицина университеті**

СТУДЕНТТІҢ ӨЗІНДІК ЖҰМЫСЫ

Тақырыбы: **Гиппократ анты**

Мамандығы: Жалпы медицина

Кафедрасы: Тілдер

Курс: 1

Орындаған: 109 Б

Тексерген: Молдашева З.Б.

Жоспар:

1.Кіріспе

2.Негізгі бөлім

1.Гиппократ-медицина атасы

2.Гиппократ анты

3.Қорытынды

4. Пайдаланылған әдебиеттер

Гиппократтың антымен дәрігердің этикалық мінезі және жоғарғы моральдық мінез-құлқы берілген. Бүкіл әлемге танымал «Ант» б.э.д. 5 ғасырда ежелгі грек тілінде жазылған. Бұл антты әрбір жас дәрігер – асклепиад, асклепийдің шәкірттері (ежелгі грек аңызларында дәрігерлік құдайы) ант берген. Антта грек аңызының кейіпкерлері Аполлон – құдайлар дәрігері, Асклепий – дәрігерлік құдайы, Гигия – Асклепийдің қызы денсаулық құдайының есімдері кездеседі.

ГИППОКРАТ АНТЫ

- «Ашалон дәрігердің, Аклепийдің, Гигиел мен Панакеяның және түрлі тәңірлер мен тәңіриялардың атын атап, оларды куәға тарта отырып, мына серт пен жазбаға шартты шама-шарқымның жеткенінше адал орындауға ант етемін: өзіме дәрігерлік өнерін үйреткен кісіні ата-анаммен бірдей көремін, оған барымды бөліп беремін, әрі қажет жағдайда оның жоғын табуға көмектесемін; оның ұрпақтарын бауырларым деп есептеймін, егер олар осы өнерді үйренгісі келсе, оларға тегін әрі ешқандай шарт жасаспай-ақ сабақ беремін; оқу үстінде айтар ақылымды ауызша сабақтар мен ілімдегі қалған жайлардың бәрін өз балаларыма, ұстазымның балалары мен медицина заңы бойынша серттескен, ант беріскен шәкірттеріме хабарлаймын, басқа жанға айтпаймын.



SERMENT D'HIPPOCRATE

Je jure par Apollon, médecin, par Esculape, par Hygie et Panacée, par tous les dieux et toutes les déesses, les priant à témoins que je remplirai, suivant mes forces et ma capacité, le serment et l'engagement suivants: je mettrai mon maître de médecine au même rang que les auteurs de mes jours, je partagerai avec lui mon avoir; et, le cas échéant, je pourvoirai à ses besoins; je tiendrai ses enfants pour des frères et, s'ils désirent apprendre la médecine, je la leur enseignerai sans salaire ni engagement.

Je ferai part des leçons orales l'enseignement à mon maître, et aux engagements et au serment mais à nul autre.

Je dirigerai le régime des malades forces et mon jugement, et je toute injustice.

Je ne remettrai à personne la prendrai l'initiative d'une pareille remettrai à aucune femme un pessaire

Je passerai ma vie et j'exercerai mon

Je ne pratiquerai pas l'opérateur de la

Dans quelque maison que j'entre, j'y préservant de tout malfait volontaire et femmes et des garçons, libres ou esclaves.

Quoi que je voie ou entende dans la société pendant l'exercice ou même hors de l'exercice de ma profession, je tairai ce qui n'a jamais besoin d'être divulgué, regardant la discrétion comme un devoir en pareil cas.

Si je remplis ce serment sans l'enfreindre, qu'il me soit donné de jouir heureusement de la vie et de ma profession, honoré à jamais parmi les hommes; si je le viole et que je me perisse, puisse-je avoir un sort contraire!



Гиппократ (Ἱπποκράτης) – ежелгі грек дәрігері, көне медицина реформаторы. Ол Ежелгі Грекияның Кос аралында біздің заманымыздан бұрынғы 460 ж. туып, 377 ж. (басқа мәліметтер бойынша 356) Фессалияда дүние салған. Гиппократ Грекияда, Кіші Азияда, Ливияда, сондай-ақ Қара теңіз жағалауындағы сақтар арасында болып, Азия және Мысыр халық медицинасымен танысқан: ол науқасты емдегенде, аурудың пайда болу жолдары мен негізгі даму кезеңдерін анықтау керек екенін айтып, «Адамзатты табиғат емдейді. Дәрігер – табиғаттың көмекшісі ғана» деген тұжырым жасады, сондай-ақ ауыр халде жатқан науқастың кейпіне сипаттама да берген, оны медицинада «Гиппократ кейпі» (Facies Hippocratica) деп атайды. Гиппократ жараны таңу, буын шығуын және сүйек сынуын, геморройды, т.б. жараны емдеу әдістерін тапқан. «Гиппократ анты» деп аталатын дәрігерлік моральдік-этикалық ант мәтінін жазған. Осы еңбектеріне орай, Гиппократты «медицинаның атасы» деп атайды.






Медициналық білімді таратушылар – діни қызметкерлер мен олардың көмекшілері болды, олар діндегі қағидаларға сәйкес адамдарға көмектерін көрсетті. Осындай әрекеттер университетте (universitas латыншадан «жиынтық, бірлестік» деген мағыналарды береді) медициналық факультеттер ашылып, дәрігерлік мамандық өз алдына кәсіп болғанға дейін жалғасын тапты. Медициналық факультеттер (facultas латыншадан –қабілеттілік, мүмкіндік дегенді білдіреді) бірқатар университеттерде ашылды. Олардың X-XII ғғ. Пайда болуы және одан әрі дәрігерлік (корпорациялардың) бірлестіктердің құрылуын медициналық этика дамуының үшінші кезеңіне жатқызуға болады.



«Анттың» мәтінінде былай делінген: «мені дәрігерлік қызметке үйреткен ұстазды өз ата-анаммен бірдей көруге, өз пайдамды онымен бөлісуге, оның мұқтаждығына көмектесуге, оның ұрпағын «өз бауырларым» деп санап, егер олар осы өнерді қаласа, онда оларға ешқандай келісімсіз, ақысыз үйретуге, оқытуға; осы өнердің ауызша сабақтарын және т.б. ілімдерін медициналық заңдағы ант пен міндеттемелерге байланысты өзгелерге емес өз балаларыма, ұстазымның балаларына және оқушыларына жеткізу, үйрету». Осыдан, оқудың және практикалық қызметтің материалды, экономикалық жағдайларының анық жазылғанын көреміз




Аполлон гомердәуірінен кейінгі кезеңдегі дәрігерлердің құдайы болып саналады. Асклепий (Ежелгі Римде – Эскулап деп аталды) – дәрігерлік өнердің құдайы Аполлонның баласы. Ал Гигиеня Асклепийдің қызы, ол –денсаулықтың құдайы («гигиена» сөзі осыдан шыққан), оны қолында жылан ішіп тұрған тостаған бар жас қыз бейнесінде бейнеленген (ақылдылық символы). Панацея (емдеуші) – ол Асклепийдің басқа қызы. Панацея барлық ауруды емдей білді. Сондықтан да, «Панацея барлық ауруды емдейтін дәрі» - деген ұғым осыдан шыққан.

«Анттың» келесі мәтіндері дәрігерлік қызметтің әкеден балаға берілетін «жанұялық қызмет» екендігін көрсетеді. Қызмет одан әрі кеңейіп, оған сырттан оқушылар алына бастады. Оған дәлел Гален мен Платон, сол дәуірдің дәрігерлері оқушыларды медицинаға ақымен оқытқан. «Антта» бұл туралы ештеңе айтылмайды; оқушы оқытушының жанұясына мүше болып кіріп, оқытушы қажет еткен жағдайда ғана оған көмектескен. Ақша туралы келісім өз алдына құрастырылуы мүмкін.





Ешкімге кісіні өлімге ұшырататын дәрі бермеймін, әрі оны жасау тәсілін көрсетпеймін; тап осылай әйелге түсік түсіретін пессарий ұсынбаймын. Өмірде де, өнерде де таза әрі адал боламын. Тас ауруымен сырқаттанғандардың денесін ешқашан кеспеймін, мұны осы іспен айналысатын кісілерге тапсырамын. Қайсы үйге кірсем де аурудың қамын ойлаймын, әдейі қиянат пен қастандық жасаудан, әсіресе әйелдер мен еркектер, азат адамдар мен құлдар арасындағы махаббаттан аулақпын. Емдеу кезінде, сондай-ақ емдемеген кезде де, адам өмірінің ішіндегі мүлдем жариялауға болмайтын жайларды көргенімді немесе есіткенімді құпия есептеп, жан баласына айтпаймын.

Антты бұлжытпай орындағаным үшін өмірде де, өнерде де бақытты болып, ел арасында мәңгілік даңққа бөленгеймін; Жалған ант беріп, қылмыс жасағандарды ант атсын».



ГИΠΠΟΚΡΑΤ



Қорытынды

1948ж. БМА-ң Женевадағы 2-ші сессиясында XXғас. дәрігерінің «Гиппократ анты» атты жарлығы (Женева жарлығы) қабылданған, ал 1949ж. Медициналық этиканың халықаралық кодексі қабылданды. Осыған сәйкес медициналық этика дамуының жаңа кезеңі басталды. Осы кезде дәрігерлердің қоғамдағы ролі өлшемсіз өсті, ал медициналық қызметкерлер мінез-құлқын өнегелі-этикалық тұрғыда реттеу әлемдік деңгейде жоғары дәрежеге көтерілді.

60-жылдардағы ғылыми-техникалық революция медицинаның дамуына да өз мүмкіндіктерін берді. Дәрілік заттардың жаңа түрлері, диагностикалық, емдеу құралдары мен жабдықтары пайда болды, интенсивті терапия жүргізу, генетикалық ауруларды емдеу, бедеуліктен құтылу, тіндер мен органдарды алмастырып салуға мүмкіндіктер туды.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Большая Энциклопедия Кирилла и Мефодия с изменениями и дополнениями: монография. – М. : Сварог, 2003. – 456 с.
2. Ботвинник М.Н., Рабинович М.Б., Стратановский Г. А. Жизнеописание знаменитых греков и римлян: книга для учащихся. – М. : Просвещение, 1988. – 205 с.
3. Винничук Л. Латинский язык: самоучитель для студентов гуманитарных факультетов университетов и педагогических вузов. – М. : Высшая школа, 1980. – 327 с.